Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасы меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

2024-2025 оқу жылының жалпы ата-аналар жиналысының кестесі

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аналар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
№1 Қыркүйек 2024 ж.	1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңі бойынша жеке кеңестер беру. 2. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Балабақша мен отбасының алғашқы қадамы». - Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру. - Топ тәрбиешілерін таныстыру және ата-аналар комитетін сайлау. 3. Кеңес: «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)»	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике
№5 Қаңтар 2025 ж.	1. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Отбасы мен балабақша: бір мақсат,бір бағыт» Педагогикалық кеңес / Ақпараттық үлестірме: «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті». 2. Ата-аналарға арналған сауалнама жүргізу.	Тәрбиешілер, әдіскер
№9 Мамыр 2025 ж.	1. Қорытынды ата-аналар жиналысы: «Бір жылғы жетістік – болашаққа бағыт» (2023-2024 оқу жылының нәтижелері). 2. Нұсқаулық / Кеңес: «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру».	Әдіскер, тәрбиешілер, медбике, меңгеруші

№1 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: «26» қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медбике және ата-аналар.
Қатысқан ата-аналар саны: 30 адам
Қатыспаған ата-аналар саны: 7 адам
Жиналыстың тақырыбы:«Балабақша мен отбасының алғашқы қадамы»
Күн тәртібі:

1. Жаңадан келген балалар мен ата-аналарды балабақша ұжымымен таныстыру.
2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие жұмыс жоспарымен таныстыру.
3. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі және ата-аналарға берілетін жеке кеңестер.
4. Топ тәрбиешілерін таныстыру.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6. «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)» тақырыбында кеңес беру.

Бірінші бойынша тыңдалды:
Балабақша меңгерушісі Н.Д.Джубаниязова ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңадан қабылданған балалар мен олардың ата-аналарын балабақша ұжымымен таныстырды.
Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі, күн тәртібі, тамақтануы, серуендеуі, ұйқысы және оқу-тәрбие жұмыстары туралы түсінік берілді. Жаңадан келген ата-аналарға балабақша мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықтың маңыздылығы түсіндірілді.
Ата-аналармен баланы қабылдау, шығарып алу тәртібі және қажетті құжаттарды рәсімдеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Екінші мәселе бойынша тыңдалды:
Әдіскер Б.К.Нысанова балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен, күн тәртібімен және оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарымен таныстырды.
Ата-аналарға баланы балабақшаға уақытында әкелу, баланың киім-кешегін және жеке заттарын дайындау, баланың денсаулығы туралы тәрбиеші мен медицина қызметкеріне уақытылы хабарлау қажеттігі түсіндірілді.
Балабақша мен отбасы арасында тұрақты байланыс орнату, тәрбиешілердің ұсыныстарын орындау және ата-аналардың баланың тәрбиесіне белсенді қатысуы қажеттігі айтылды.
Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:
Тәрбиешілер балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі туралы түсіндірді.
Баланың алғашқы күндері ата-анасынан ажырауға қиналуы, жылауы, тамақтану мен ұйқы тәртібінің өзгеруі қалыпты бейімделу белгілері болуы мүмкін екендігі айтылды.
Ата-аналарға баланы балабақшаға жағымды көңіл күймен әкелу, қоштасуды созбау, баланы тәрбиешіге сеніммен тапсыру және үй жағдайында балабақша туралы жақсы пікір қалыптастыру ұсынылды.
Қажет болған жағдайда әр баланың бейімделу ерекшелігі бойынша ата-аналарға жеке кеңес берілетіні айтылды.
Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:
Топ тәрбиешілері өздерін таныстырып, ата-аналарға балалармен жүргізілетін күнделікті оқу-тәрбие жұмыстары, балалардың қауіпсіздігі мен жеке ерекшеліктерін ескеру туралы ақпарат берді.

Ата-аналар тәрбиешілерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды.

Бесінші мәселе бойынша тыңдалды:

Ата-аналар арасынан топтың ата-аналар комитетін сайлау ұсынылды.

Ата-аналардың келісімімен ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналар ұсынылды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Хайрошева Г.Т

Комитет мүшелері:

1. Мукангалиева А.Н.
2. Ахметжанова З.Н
3. Абдикаримова А.К

Ұсынылған кандидаттар ата-аналардың жалпы келісімімен сайланды.

Алтыншы мәселе бойынша тыңдалды:

Медбике «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)» тақырыбында кеңес берді.

Баланың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, ұйқы және демалыс тәртібін сақтау, маусымға сәйкес киіндіру мәселелері түсіндірілді.

Ата-аналарға баланың денсаулығында қандай да бір өзгеріс байқалған жағдайда баланы балабақшаға әкелмей, медицина қызметкеріне және тәрбиешіге хабарлау қажеттігі ескертілді.

Сөйледі:

Ата-аналар баланың балабақшаға бейімделу кезеңіне қатысты сұрақтарын қойып, тәрбиешілерден және медицина қызметкерінен қажетті кеңестер алды.

Ата-аналар баланың балабақшаға тез әрі жеңіл бейімделуі үшін тәрбиешімен тығыз байланыста жұмыс жасауға дайын екендерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Балабақша мен ата-ана арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ету, ата-аналарға баланың балабақшадағы жағдайы мен бейімделуі туралы қажетті ақпаратты уақытылы беріп отыру тәрбиешілерге тапсырылсын.

2. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңін бақылау және бейімделуінде қиындық байқалған балалардың ата-аналарына жеке кеңес беру тәрбиешілер мен әдіскерге тапсырылсын.

3. Ата-аналар баланы балабақшаға күн тәртібіне сәйкес уақытында әкелуге және алып кетуге, баланың денсаулығы мен жеке заттарына жауапкершілікпен қарауға міндеттенсін.

4. Баланың денсаулығына байланысты жағдайлар туралы ата-аналар тәрбиешіге және медицина қызметкеріне уақытылы хабарлап отыратын болсын.

5. Ата-аналар комитеті балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтуға және топтың қоғамдық іс-шараларына қатысуға атсалыссын.

6. Ата-аналарға «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)» тақырыбында берілген ұсыныстарды үй жағдайында жүйелі түрде орындау ұсынылсын.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№2 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: «23» қаңтар 2025 жыл
Қатысқан ата-аналар саны: 33 адам
Қатыспаған ата-аналар саны: 4 адам
Жиналыстың тақырыбы:«Отбасы мен балабақша: бір мақсат, бір бағыт»
Күн тәртібі:

1. «Отбасы мен балабақша: бір мақсат, бір бағыт» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.
2. «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті» тақырыбында ата-аналарға ақпараттық түсіндірме беру.
3. Ата-аналарға сауалнама жүргізу және сауалнама нәтижелері бойынша пікірлерін тыңдау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Жиналысты меңгеруші Н.Д.Джубаниязова ашып, ата-аналарға баланың тәрбиесі мен дамуы отбасында және балабақшада бірізді жүргізілген жағдайда ғана нәтижелі болатынын атап өтті.

«Отбасы мен балабақша: бір мақсат, бір бағыт» тақырыбында ата-аналарға баланың күнделікті тәрбиесінде отбасы мен педагогтердің өзара тығыз байланыста болуының маңызы түсіндірілді.

Баланың тәртібі, қарым-қатынасы, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, үлкендерді сыйлауы және құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауы туралы айтылды.

Меңгеруші ата-аналарды балабақшада жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысына белсенді қатысуға, баланың жетістіктеріне назар аударуға және қиындықтары туындаған жағдайда педагогтермен бірлесіп шешім қабылдауға шақырды.

Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жауап алды.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова, тәрбиеші А.Б.Абдрешова «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті» тақырыбында ата-аналарға ақпараттық түсіндірме берді.

Баланың сөздік қорын дамытуда күнделікті әңгімелесу, баланың сұрақтарына толық жауап беру, жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру, ертегі мен көркем шығармаларды бірге оқу маңызды екені айтылды.

Ата-аналарға баламен күн сайын кітап оқуға уақыт бөлу, кітаптағы суреттерді бірге қарау, оқылған ертегі немесе әңгіме бойынша сұрақтар қою және баланың өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру ұсынылды.

Сонымен қатар баланың жас ерекшелігіне сәйкес кітаптарды таңдау және кітапқа ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыру қажеттігі түсіндірілді.

Ата-аналарға осы бағыт бойынша ақпараттық үлестірме материалдар ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Ата-аналарға балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру және ата-аналардың ұсыныстарын анықтау мақсатында педагог-психолог Ә.О.Сихова сауалнама жүргізілді.

Сауалнама барысында ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттануы, тәрбиешілермен байланысы, баланың балабақшаға қызығушылығы, үйде кітап оқу, баланың бос уақытын ұйымдастыру және ата-аналарға қажетті педагогикалық көмек түрлері туралы пікірлері анықталды.

Ата-аналар сауалнама сұрақтарына жауап беріп, өз ұсыныстары мен тілектерін білдірді.

Сауалнама нәтижелерін тәрбиешілер мен әдіскер талдап, алдағы оқу-тәрбие жұмысында ата-аналардың ұсыныстарын ескеру қажеттігі атап өтілді.

Сөйледі ата-аналар Еркеғұлова А.А, Тапишева Г.Н

Ата-аналар баланың сөздік қорын дамыту үшін үйде кітап оқуға көңіл бөлетіндерін айтты. Кейбір ата-аналар балаларға қандай кітаптарды таңдауға және баламен кітапты қалай оқуға болатыны жөнінде қосымша кеңес қажет екенін білдірді.

Ата-аналар баланың тәрбиесінде балабақша мен отбасының талаптары бірізді болғаны дұрыс деген пікір білдірді.

Қаулы етті:

1. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту және ата-аналармен жүйелі түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу тәрбиешілерге тапсырылсын.
2. Балалардың сөздік қорын дамыту мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жұмыстарында әңгімелесу, ертегі оқу, тақпақ жаттау, сурет бойынша әңгіме құрастыру сияқты жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу жалғастырылсын.
3. Ата-аналарға баламен күн сайын кітап оқуға, оқылған шығарма мазмұнын талқылауға және баланың өз ойын айтуына мүмкіндік беруге ұсыныс берілсін.
4. Ата-аналарға берілген «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті» тақырыбындағы ақпараттық үлестірме материалдарды үй жағдайында пайдалану ұсынылсын.
5. Жүргізілген ата-аналар сауалнамасының нәтижелері тәрбиешілер мен әдіскер тарапынан талданып, ата-аналардың ұсыныстары алдағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ескерілсін.
6. Балалардың жеке ерекшеліктері мен сөйлеу белсенділігін бақылау жұмыстары жүргізіліп, қажет болған жағдайда ата-аналарға жеке педагогикалық кеңес берілсін.
7. Осы шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**

№3 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: «28» мамыр 2025 жыл
Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медбике және ата-аналар
Қатысқан ата-аналар саны: 32 адам
Қатыспаған ата-аналар саны: 5 адам

Жиналыстың тақырыбы:«Бір жылғы жетістік – болашаққа бағыт»
2024–2025 оқу жылының қорытындысы
Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Балалардың оқу жылындағы жетістіктері мен даму нәтижелері.
3. «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру» тақырыбында нұсқаулық-кеңес беру.
4. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:
Жиналысты балабақша меңгерушісі Н.Д.Джубаниязова ашып, ата-аналарға оқу жылының аяқталуына байланысты жылы лебізін білдірді.
Меңгеруші 2024–2025 оқу жылында балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін, дербестігін және өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға көңіл бөлінгенін айтты.
Сонымен қатар ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысқаны үшін алғысын білдіріп, алдағы уақытта да балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды:
Әдіскер Б.К. Нысанова сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері туралы баяндады.
Балалардың жыл басындағы және оқу жылы соңындағы даму көрсеткіштері салыстырылып, балалардың сөйлеу белсенділігі, танымдық қызығушылығы, шығармашылық қабілеті, қимыл-қозғалыс белсенділігі және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларында оң өзгерістер болғаны айтылды.
Әдіскер ата-аналарға балалардың жетістіктері педагогтер мен ата-аналардың бірлескен еңбегінің нәтижесі екенін атап өтті.
Тәрбиеші Р.Б.Доскалиева өз сөзінде балалардың оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталды. Балалардың мерекелік іс-шараларға, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, шығармашылық жұмыстарға және түрлі ойындарға белсенді қатысқанын айтты.
Тәрбиеші әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып жұмыс жүргізілгенін айтып, ата-аналарға жыл бойы көрсеткен қолдаулары үшін алғыс білдірді.
Ата-аналар балалардың жыл бойындағы жетістіктері туралы ақпаратпен танысып, өз пікірлерін білдірді.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:
Медбике ата-аналарға «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру» тақырыбында кеңес берді.
Медбике жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау, күннің ыстық уақытында ұзақ уақыт күн астында болмау, жеткілікті мөлшерде су ішу, жеңіл әрі ауа өткізетін киім кию қажеттігін түсіндірді.

Сонымен қатар ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау, жолда жүру ережелерін сақтау, су айдындарының маңында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, бейтаныс заттарды ұстамау және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттігі ескертілді.

Жазғы демалыс кезінде баланың күн тәртібін сақтаудың маңыздылығына тоқталды. Баланың таза ауада серуендеуіне, қимылды ойындар ойнауына және жас ерекшелігіне сәйкес пайдалы істермен айналысуына жағдай жасау ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова ата-аналардың оқу жылы бойынша ұсыныстары мен пікірлерін тыңдады.

Ата-аналар тәрбиешілерге оқу жылы барысында балаларға көрсеткен қамқорлығы мен еңбегі үшін алғыстарын білдірді. Сонымен қатар жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

Ата-аналар тарапынан балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар айтылды.

Қаулы етті:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Балалардың оқу жылы ішінде қалыптасқан дағдыларын жазғы кезеңде де бекіту үшін ата-аналарға үй жағдайында баламен кітап оқу, әңгімелесу, шығармашылық жұмыстар жасау және қимылды ойындар ұйымдастыру ұсынылсын.
3. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға жол, су, өрт және тұрмыстық қауіпсіздік ережелерін балаларға үнемі түсіндіріп отыру ұсынылсын.
4. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жаз мезгілінде күн тәртібін, дұрыс тамақтануды және жеке бас гигиенасын сақтау ата-аналардың назарына алынсын.
5. Балаларды қараусыз қалдырмау және су айдындарында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау ата-аналарға ескертілсін.
6. Балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі қауіпсіз ұйымдастыру бойынша берілген нұсқаулық пен кеңестер ата-аналарға жеткізілсін.
7. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс алдағы оқу жылында да жалғастырылсын.
8. Осы шешімдердің орындалуын бақылау меңгерушіге, әдіскерге және топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**